

Бесқарағай ауданы Беген ауылдық округінің "Ілгідай" шаруа қожалығының аумағына карантин белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Беген ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 9 желтоқсандағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 желтоқсанда № 6377 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Беген ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Беген ауылдық округі әкімінің 15.01.2020 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекция басшысының 2019 жылғы 21 қарашадағы № 288 ұсынысы негізінде, Беген ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Ірі қара малдан қарасан ауруының шығуына байланысты Бесқарағай ауданы Беген ауылдық округінің "Ілгідай" шаруа қожалығының аумағына карантин белгіленсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Беген ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді әділет органында мемлекеттік тіркеу;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Бесқарағай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберу;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Бесқарағай ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыру қамтамасыз етілсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Беген ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы

Р. Рафикова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК